

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Саяси және әлеуметтік
реформалардың өрлеуі



Дәрістің мақсаты: модерн кезеңіндегі реформистік қозғалыстар мен діндердің даму жағдайын талдау.

Кілт сөздер: социализм, либерализм, ұлтшылдық, буржуазия, каудильо, коммунизм, Мексика мен АҚШ-тың соғысы, пролетариат, зайырлы, танзимат.

Бұл дәрісімізде Сіздермен енді модерн кезеңіндегі қоғамды іштей өзгерткен әр алуан саяси және әлеуметтік реформаларға тоқталамыз. Себебі нақты осы кезеңдегі жаңа саяси ағымдардың нәтижесінде елеулі өзгерістер орын алып, олар осыған дейінгі билікті жаңа либерализм, социализм сияқты бағыттардың қағидаларымен алмастырды.

Саяси күйзелістер мен экономикалық трансформация одағынан шыққан Модерн кезеңі өз тәжірибесінің өткенін бағамдауды талап етті. Бұл қажеттілік жаңа мәселелермен қатар, жаңа мүмкіндіктерге байланысты еді. Мәселелердің шешімдері мен босатылған энергияны пайдалану бойынша ұсыныстар секулярлық идеологиялар – әртүрлі «измдердің» шеңберінде ғана ұсынылмады. Дәстүрлі, ең алдымен, діни дүниетанымның ішінде қалыптасқан жауаптар да аса маңызды болды. Зайырлы қоғамның көптеген өкілдері тарапынан шабуылға ұшыраған дін жаңа жағдайға бейімделудің адам қызығатын мүмкіндіктерін көрсетіп, модерн элементтерін таңдаулы түрде біріктірді.

Алдыңғы дәрісте индустриализация мен саяси бостандық бағдарламаларын тудырған жаһандық өзгерістер туралы дәрісті жалғастыра отырып, біз негізгі назарды Модерннің тәжірибесін түсіндіруге бөлеміз. Біз XIX ғасырда күшті дамуға түскен зайырлы жаңа идеологиялар туралы, сонымен қатар, олардың ықпалымен және дәстүрлі діни дүниетанымнан туған реформистік қозғалыстар туралы сөз қозғаймыз.

Бір уақытта орын алған Өнеркәсіптік төңкеріліс пен Француздық Революциямен қатар пайда болған секулярлық идеологиялар: ұлтшылдық, социализм, либерализм, консерватизм мен т.б. XIX ғасырдың тоғысында тез тарады. Олардың арасында өзінің мобилизациялық мүмкіндіктерінің арқасында ұлтшылдық ерекше рөлге ие болды. Бір-бірінен ерекше ұлттық бағдарламалар адамдарды, ұлттық қоғамдарды бұрынғыша табиғи бөлу идеясына негізделді. Оның мәнісі: біріншіден, бұл қоғамдардың өмір сүру фактісін анықтаумен; екіншіден, индивидтердің қандай да бір ұлттық ұжымға тиесілі екенін анықтау; үшіншіден, олардың ұлттық мемлекетке саяси қалыптасу процесіне ықпал ету немесе ұлттық автономиялар құруымен анықталды. Басқаша айтқанда, ұлттық білім мен сананың қандай деңгейде тұрғанына қарамастан әр адам өзінің туылу фактісі бойынша оның дүниетанымын қалыптастырған ұлттың мүшесі болып табылады. Әр ұлт өкілі үшін кейінгі дамуы мен қатысуына кепілдік беретін ұлттардың ұмтылысы да қалыпты және дәйекті болып қабылданды. Ұлтшылдықтың күші эмоционалды пен рационалдықтың құрамдас бөлігіне де байланысты. Ол сезім деңгейінде қатты әсер ететін мифтерді желеу ету арқылы тартты; ұлттық қауымдастықтың әрбір мүшесі өткеннің драмалары мен триумфтеріне тиесілігін сезіне алды. Ұлтшылдық бәрі арқылы әркімнің маңызын арттырды немесе оның жекелеген өкілдерінің (жазушылар, әскерилер т.б.) арқылы бүкіл ұлттың маңызын өсірді. Идеялар деңгейінде ұлтшылдық либерализмнен өзінің жаманын жасыратын элитарлығымен, ал социализмнен таптық күресті насихаттамайтынымен ерекшеленді.

Бірақ бұл ұлтшылдықтың сол уақыттағы либерализм мен социализм сияқты саяси ағымдармен үйлесе алмайды деген сөз емес. Керісінше, XIX ғасырда бұл идеологиялар бір-бірімен сіңісіп, өздерінің қарқыны бойынша ірі амальгамдарды құрды.

Әсіресе либерализмнің ұлтшылдықпен бірігуі қатты болды. Либерализм бостандық қағидасының басымдығын, ал ұлтшылдық бұл анықталмаған идеяны ұлттық мазмұнмен толықтырды. Басқаша айтқанда, либералдық ұлтшылдықтың идеологтары бостандық, соның ішінде жеке бостандық; ұлттың саяси автономияға қол жетуі жағдайында мүмкін деп есептеді.

Либералдық күн тәртібіне сүйенген осы үлгіде ұлтшылдық XIX ғасырдың бірінші жартысында көптеген соғыстарда көрініс тапты: 1821–1830 жж. тәуелсіздік үшін Грек соғысы, 1830–1831жж. поляк қараша көтерілісі, 1830–1831 жж. Бельгиядағы революция, Балқандардағы ереуілдер (жекелей алғандағы Сербиядағы), 1848 жылғы австриялық-итальяндық иеліктердегі



көтерілістер, 1848–49 жж. Венгер революциясы және т.б. Шын мәнісінде 1848–1849 жж. көтерілістерде ұлт-азаттық сипаттың маңызы зор болды, сондықтан ол «Халықтар көктемі» деп аталды.

1848–1849 жж. көтерілістерде өз шарықтау шыңына жетіп, ұлттық ереуілдердің бірінші кезеңі әртүрлі мазмұндағы нәтижелерге әкелді. Грекия мен Бельгия тәуелсіздікке қол жеткізді, бірақ поляктар Ресей империясында қалып, қалған автономиясынан айырылды. Ал Габсбургтер алғашқы сәтсіздіктерден кейін өзінің итальяндық пен венгерлік провинцияларда өз бақылауын орнатты. Бірақ келесі екі онжылдық ішінде итальяндықтар мен венгрлер ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін елеулі көмек алды.

Мысалы, 1848–1849 жж. көтерілістердің сәтсіздігінен кейін барлық билік итальяндықтардың басын біріккен Италияға жинау мақсатында кішкентай Сардиндік корольдіктің қолына өтті (Пьемонт-Сардиния корольдігі деген атпен де белгілі). Өзінің премьер-министрі Камилло Кавурдың арқасында Сардиния үшін Франциямен тиімді саяси одақ құруға мүмкіндік туды. Дивиденттер 1859 жылы француздар мен сардиниялықтардың бірлескен қимылымен Ломбардиядан австриялықтарды шығарғаннан кейін алынды. Кейінгі екі жылда Сардиния корольдігі өзіне солтүстік пен орталық Италияның елеулі бөлігін бағындырды. Жарты аралдың оңтүстігінде әрекет еткен итальяндық патриот Джузеппе Гарибальдидің «қызыл көйлектілері» Бурбондарды құлатып, Неапольға кіру арқылы іс жүзінде Сардин корольдер үйінің билігінің орнауымен Италияның бірігуі аяқталып, Италия дейтін жаңа мемлекет пайда болды. Бірақ тарихи тәжірибесі, экономикалық өмірі, тілі жағынан әртүрлі аймақтардың бірігуі үстірт болды.

Венгрия болса, еуропалық ұлтшылдық тарихында шын мәнінде маңызды оқиға – неміс ұлттық мемлекетін құруда қосалқы бенефициариге айналды. 1867 жылы Австрияның германдық әлемдегі үстемдік үшін Австро-прустық соғыстағы жеңілісін пайдаланып, венгрлік элита австриялық император Франц Иозеф I Венгрияның толық ішкі автономиясын мойындауға мәжбүрледі. Бір уақытта Франц Иозеф Венгрия королі болып жарияланып, ол Габсбургтер империясын сол уақыттан Австро-венгрия деп аталған монархияға айналдырды.

Венгриядағы оқиғалар біріккен Германияның пайда болу тарихы жолында өзіндік интермедия болып қала берді. Мұнда Еуропаның басқа аймақтары сияқты либералдар 1848 жылы барлық немістерді біріктіретін мемлекет құруға тырысты. Олардың ұмтылыстары сәтсіздікпен аяқталып, ұзақ уақытқа либералдық идеяның беделін түсірді. Бірінші орынға Гогенцоллерн прустық монархиясы шықты. 1862 жылдан бұл милитаризацияланған мемлекеттің саясатын бұрынғы Санкт-Петербургтегі елші Отто фон Бисмарк басқарды. Өзінің бір сөзінде ол негізгі мәселелерді парламентте талқылап дауыс берумен емес, қан және темірдің күшімен шешілуін қалаймын деген екен. Оның әрекеттері сөздеріне сәйкес келді: 1864 жылы Даниямен, сосын Австриямен сәтті соғыс жүргізгеннен кейін Бисмарк Пруссияның солтүстік Германияда үстемдік құруына жағдай жасады. 1870 жылы дипломатиялық айла қолданып, Бисмарк Франциямен соғыс бастап, ол Францияның жеңілісімен, яғни «Екінші империяның» құлауымен аяқталды. 1871 жылы Версальда қол қойылған бітім нәтижесінде Герман империясы құрылды. Енді прустық корольдің орнына Герман императоры – Вильгельм I ел басқарды. Франция өзінің батыстағы екі провинциясынан айырылды және үлкен контрибуция төлеуі тиіс еді. Еуропада гегемон болмаса да, осы рөлге ұмтылған мемлекет пайда болды.

Италия мен Германияның құрылуы ұлттық ұмтылыстардың шырқау шыңы болды. Бірақ ұлтшылдық идеяларының сәттілігіне қарамастан, ол бұқара халықты ұймдастырудың жалғыз тиімді құралы болмады. Құрлықтың саяси тарихында социалистік көзқарастар үлкен рөл ойнай бастайды.

Социализм идеясының пісіп-жетілуі неміс философы мен әлеуметтанушысы Карл Маркстың есімімен байланысты. Неміс философы Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің шәкірті бола отырып, Маркс адамзат тарихына қарама-қайшылықтардың үздіксіз диалектикалық өзара байланысының нәтижесі деп қарады. Оның материалистік түсінігінде бұл қарама-қайшылықтар әлеуметтік таптардың арақатынасынан туады. Ал ол өз кезегінде өндіріс құралдары мен тауарларға деген меншік қатынасымен анықталды. «Қазіргі кезде, – деп жазды Маркс, қарама-қайшылықтар күресі, яғни, таптар күресі әлдеқайда жеңілдеді: бір жағынан біз мүлкі бар азшылық – буржуазияға иеміз және олардың қолында барлық өндіріс құралдар (капитал) шоғырланған; екінші жағынан оларға абсолюттік көпшілік қарсы тұр. Оның ішінде мүлкі жоқ



және өмір сүру үшін өз еңбегін сатуға мәжбүр пролетариат та бар. Буржуазия қалыптасқан жағдайды негіздеу үшін жеке бостандық пен құқықтық теңдіктің жоғары рухты ұрандарына жүгінеді, бірақ ол «жалған социализмнің» формасы ғана болып табылады. Тарихтың шынайы мақсаты өндіріс тәсілдерін әлеуметтендіру, яғни жекеменшіктегі фабрикалар мен зауыттарды барлық қоғамның игілігі үшін жұмыс істеуге мәжбүрлеу болып табылады. Өндіріс құралдарына жекеменшікті жою және оны қоғамдастыру арқылы қол жеткізуге болатын бұл жағдай Маркстың айтуынша коммунизм деп аталады. Маркстың ой қисыны тұрғысынан коммунизм тарихи тұрғыда негізделген яғни болмай қоймайтын құбылыс болып табылады. Бірақ бұған қарамастан Маркс пен марксистер радикалды шаралар мен террор арқылы пролетариаттың билікке келуі үшін жаңа революцияны жүзеге асыруды талап етті.

Бұл үндеу назарсыз қалмады. 1848 жылы король Луи-Филиппке қарсы париждық ереуілдер кезінде Луи Блан, Луи Огюст Бланк, Пьер-Жозеф Прудон және басқа да социалистер маңызды рөлге ие болды. Биліктің уақытша вакуумы жағдайында олар жұмыссыздарға жұмыс ұсыну, әлеуметтік несиелерді ұйымдастыру және меншікті жартылай қоғамдастыруға бағытталған реформаларды жүргізуге тырысты. Қалаған нәтижелерге қол жеткізе алмаса да бұл мақсаттар социалистердің кейінгі саяси қозғалыстарда одан да бетер көрініс тапты. Социалистердің жетекшілерінің арасында социализм нақты нені білдіреді және оның ұстанымдары өмірге қалай енгізілу керектігі туралы ортақ түсінігі болмағанмен, социалистер басқарған партиялар жаңа ізбасарлармен толығып, еуропалық парламентте орын алып, күш жинап алды.

Либерализм де өз ұстанымдарын ұлтшылдар мен социалистерге беруден алшақ еді. Бірақ ол өзінің «таза» күйінде буржуазиялық элитаның – кәсіпкерлер, академиялық ортаның өкілдері, заңгерлер және т.б. топтардың доктринасына айналады. Олардың тактикасын Еуропада өлшенбелі реформизм деп сипаттауға болады. Мысалы, Англияда либералдар мүлтік шектелімді (ценз) біртіндеп төмендеуін қолдады, ал бұл өз кезегінде 1832 жылы оларды қолдаған дауыс құқығына ие адамдардың екі есе артуына әкелді. Либералдар Францияда барынша табанды жұмыс істей отырып, өз талаптарында ұстамды болып қала берді. 1830 жылғы Париждегі Шілде революциясында жетекші күш ретінде олар Бірінші Француз Республикасын жариялаған революционерлердің жолымен жүруден бас тартты. Бурбондардың құлатылуынан кейін либералдар монархияны қалдырып, осы арқылы Англиядағы сияқты электоралдық базаны кеңейтті.

Либерализм Латын Америкасында басқа түрге ие болды. Ол аймақта ағарту идеялары тәуелсіздік үшін соғыс сияқты негізгі рөлге ие болды. Жаңадан құрылған республикалар (тек Бразилия монархия болып қалды) ұзақ уақыт бойы отарлықтың нәтижесінде бытыраңқыллыққа түскен қоғамды біріктіре алмады. Шіркеу мен ірі жериеленушілердің ықпалы елеулі еді. Өсіп келе жатқан әлеуметтік, этникалық шиеленістер республиканы төмен тартты.

Қоғамда бірліктің жоғы алғашқы латынамерикандық диктатуралардың құрылуына негіз болды. Каудильо – испан тілінен алғанда «көсем» деген мағына береді. Кедейлер мен бишара күйге түскен адамдарға қызмет етуде популистік риторика мен ірі жер иелерінің мүдделерін қорғау сияқты үйлеспейтін құбылыстарды бойына біріктірген диктаторларды атады. Олардың саясаты көрсетілімді сергектік пен әлеуметтік консерватизм ретінде сипатталды.

Ислам әлемінде Ұстамды либералдық бағыттағы реформалар ең алдымен Осман империясында жүргізілді. Онда еуропалық мемлекеттермен болған бірқатар сәтсіз соғыстардан кейін үкімет терең модернизация жүргізу қажеттігі туралы шешімге келді. Сұлтан Махмуд II (1808–1839) ұсынған «қайта ұйымдастыру» немесе «Танзимат» кезеңі бастапқыда әскерге қатысты болды. Нақтылар болсақ, 1826 жылы сұлтан янычарлық корпусы таратып жіберіп, олар озық еуропалық офицерлермен үйретілген әскермен алмастырылды. Келесі онжылдықтарда реформалар білім, әкімшілік пен саясат саласына көшті. Мысалы, мұсылман емес адамдардың құқығын кемсітетін шектеулер алынып тасталды; империяның барлық тұрғындарын заң алдында тең азамат ретінде жариялаған «османизм» атты жаңа доктрина пайда болды. Бұл реформалардың шарықтауы бірінші османдық парламенттың шақырылуы және 1876 жылы жарияланған Конституцияға ұласты.

Либералдық реформаторлардың өкінішіне қарай олардың ортақ османдық азаматтық бірегейлікті қалыптастыру идеясы империяның түрік емес аймақтарда ұлт-азаттық қозғалыстардың өршу кезеңіне тұспа-тұс келді. Болгарлар, сербтер, румындықтар мен басқа да балқандық халықтар өз ұлттық құқықтардың мойындалуын талап етті; түбектің оңтүс-



тігіндегі Грекия өз ықпалын Осман империясының гректер қоныстанған бөлігіне таратуға тырысты. Ұлтшылдардың ұмтылыстары толық көлемді көтерілістерге ұласты. Ал 1876 жылғы Конституцияның тоқтатылуы көтерілісшілер үшін османдық сарайға шабуыл жасауға түрткі болды; осы уақыттан бастап османизм біртіндеп панисламизм, пантюркизм мен тек түріктік ұлтшылдық идеяларымен орны толтырылды.

Осылайша, либералдық модернизация ұлттық қайшылықпен бетпе-бет келді. XIX ғасырдың соңына таман империядағы ұлттық жағдай шиеленісе түсті. Оған сыртқы жағдайлар мен этникалық топтардың мүдделерін білдіру үшін мықты конституциялық тәсілдердің болмауы себеп болды. Ұлтшылдықтың либерализммен өзара әрекеті тұрғысынан Осман империясының жағдайы оның бұрынғы қарсыласы – Ресей империясын еске түсірді.

Түркиядағы саяси реформалар ислам әлемінің қазіргі қауіптерге жауап ретінде болды. Араб түбегі мен Батыс Африкада өзгерген әлеммен жанасу діни қайта жандануға жол ашты. XVIII ғасырда мұсылмандық дінтанушы Мұхаммед ибн Абд аль-Ваххаб Ваххабизм деген жаңа ағым құрды. Ол Мұхаммед пайғамбар мен тақуа халифтер уақытындағы Исламға қайта оралуға шақырды, әулие-әмбилер культынан бас тартуға үндеді және джихад идеясын насихаттады. Әмір Мұхаммед ибн Сауд аль Ваххабтың ілімдерін бірінші саудтық мемлекет ресми доктринасына айналдырды.

XIX ғасырдың басында исламды қайта жаңарту үндеуімен Осман дан Фодио, батыс африкандық Фультбе халқының діни жазушысы шықты. Ол билікті жемқорлық пен діннен шегіну үшін сынай отырып, Исламды тазарту үшін жақтастарынан үлкен әскер құра алды. Ол әскермен бірге Хаус атты халықтың жергілікті билеушілеріне бірінші сәтті шабуыл ұйымдастырып, өзін халиф деп жариялады. Осман дан Фодио Сокото атты жаңа мемлекеттің негізін қалады. Ол өз сәтті іс-әрекетімен аймақты одан әрі Исламдандыру бағытындағы басқа реформаторларға рух берді.

Дін 100 миллион адам үшін жаһандық өзгерістер кезеңінде өмір ақиқатын қабылдау мен түсінудің негізгі призма болып қала берді. Индустриализация, саяси құқықтар үшін күрес, қоғам мен мемлекетті модернизациялау жоспарлары мен ұмтылыстарына діни прозелитизм мен реформизм жарылыстары тұспа-тұс келді. XIX ғасырдың бірінші жартысының өн бойында АҚШ-та «Екінші Ұлы қайта ояну» орын алып, ол методистік пен баптистік шіркеулердің өсуіне және жаңа евангелистік деноминациялар (мормондар, адвентистер және т.б.) ағымдардың пайда болуына әкелді. Англияда Уильям Буто мен оның әйелі Катерина «Құтқару әскерін» құрды және ол алдына кедейлердің әлеуметтік жағдайын жеңілдету мақсатын қойды. Ортақ тенденциялардан еуропалық иудаизм да шетте қалмады. Одан ертеректе XVIII ғасырдың ортасында Подолия мен Волыньда хасидизм қозғалысы пайда болды. Хасидтер Моисей заңдарының қатаң орындалуын талап етті және бір уақыт діни ашықтықтың күшіне сүйенді. Екінші тарапта реформистік иудейлер әрекет етті. Олар иудазимның діни мен ритуалдық бөлігін Ағарту идеясымен сәйкестендіруге тырысып, еврейлердің жалпы еуропалық дискурске келуін қолдады.

Ғылыми және техникалық өзгерістер заманында діннің әлсіремеуі оның бейімделу мүмкіндіктеріне байланысты болды. Зайырлы үлгідегі ұлтшылдық пен социализм сияқты діндер халыққа өз идеяларын түсінікті етіп жеткізудің жолын тапты. Жаңа уақыттағы діндер доктриналар мен институциялар деңгейінде жер бетінде қалыптасып жатқан күштердің арасалмағын сынады әрі көмек көрсетті. Ақ нәсілділердің арасында әлеуметтік насихат, олардың ауырпалығын жеңілдетуге деген ұмтылыстар қазіргі капитализмнің кемшіліктерін байқатты. Ал отарлық билікті қолдау христиандық қайырымдылықты тарату сылтауымен бүркеленді. Бұл дін құрамдас бөлігіне айналған модерннің ішкі табиғатының қарама-қайшылығын сипаттайды.

Сұрақтар

1. XIX ғасырдың тоғысында қандай секулярлық идеологиялар пайда болды?
2. Либералдық ұлтшылдықтың көзқарастары қандай еді және ол қай соғыстарда көрініс тапты?



3. Австро-Венгрия империясы қашан пайда болды?
4. Пруссияны біріктіруге атсалысқан тұлға кім?
5. Маркс деген кім және оның көзқарастарына тоқталыңыз.
6. Латын Америкасындағы либерализмнің ерекшеліктері қандай болды?
7. Исламды жаңартуға қатысты қандай көзқарастар шықты және олардың нәтижелеріне тоқталыңыз.

Әдебиеттер

1. Benedict Anderson presented the idea of the nation as «imagined community» in *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism* (New York: Verso, 1983).
2. Karl Marx, *Manifesto of the Communist Party*, authorized English translation edited and annotated by Frederick Engels (London: W. Reeves, 1888).
3. Ponciano Arriaga, quoted in E. Bradford Burns, ed., *Latin America: Conflict and Creation, A Historical Reader* (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1993), 96
4. Raja Rammohun Roy, «A Letter on English Education,» in *English Works, Part IV* (Calcutta: Sadharan Brahmo Samaj, 1945), 33–36.